

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

Біліктілікті арттырудың
Қазақстандық Өңіраралық
Орталығы

**«Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін арттырудың
басымдықтары» тақырыбындағы қазақ тілі пәні бойынша 80 сағаттық
біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасының
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Сараптамаға Біліктілікті арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы әзірлеген «Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін арттырудың басымдықтары» тақырыбындағы қазақ тілі пәні бойынша 80 сағаттық біліктілік арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ұсынылды.

Бағдарлама педагогтердің функционалдық сауаттылығын дамытуға, оқу-зерттеушілік және жобалау жұмыстарын ұйымдастыруға икемді дағдыларды (Soft Skills) игерген кәсіби құзыреттілікке ие Қазақ тілі пәні мұғалімдерін дайындауға бағытталған.

Тыңдаушылардың біліктілігін арттыру процесінде ынтымақтастық оқу ортасын құру үшін оқытуды ұйымдастырудың жеке, жұптық, топтық және ұжымдық түрлері қолданылған. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «27» тамыз 2022 жылғы № 384 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес құрастырылған. Курстың оқыту ұзақтығы Бағдарламаға қосымша берілген оқу жоспарына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

МЖБС талаптары мен пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушының функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған білім беру процесін жоспарлау, әр түрлі бағалау құралдарын қолдану, бағалау нәтижелері бойынша уақытылы, тиімді кері байланыс беру дағдысын жетілдіру, жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі пәнін оқытудағы метапәндік құзыреттердің түрлері: оқу- зерттеушілік, жобалық, проблемалық, ақпараттық, бақылау-бағалау, коммуникативтік, Қазақ тілі пәнін оқытуда мұғалімдердің метапәндік құзыреттерін жетілдірудің бүгінгі жай-күйі, өзектілігі, шешу жолдары осы бағдарламаның өзектілігі болып табылады.

2-бөлім. Глоссарий бағдарлама талаптарына сәйкес функционалдық сауаттылық, метапәндік құзыреттіліктер коммуникативтік-функционалдық

бағытта оқытуға бағытталған. Оқыту мен оқудың тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін пәнді оқытудың мазмұны мен әдістемесі саласындағы орта білім беру ұйымдарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған.

3- бөлім. Бағдарлама тақырыбы

Жалпы орта білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері модулінде «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын анықтайтын білім берудегі нормативтік-құқықтық құжаттар, ҚР МЖМБС мазмұны мен құрылымы, тұжырымдамалық негіздері, қазақ тіл білімі салаларын пәнге кіріктіре оқыту, қазақ тілінің грамматикасы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерту, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне тарту стратегияларын тиімді қолдануды ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектісін ашатын тақырыптар жүйеленген. Қазақ тілі пәнін оқытудағы метапәндік құзыреттілік модулінде жалпы білім беретін мектептерде Қазақ тілі пәнін оқытудағы метапәндік құзыреттердің түрлері: оқу- зерттеушілік, жобалық, проблемалық, ақпараттық, бақылау-бағалау, коммуникативтік, метапәндік оқытудағы пәнаралық тәсіл, қазақ тілі пәнін оқытуда мұғалімдердің метапәндік құзыреттерін жетілдірудің бүгінгі жай-күйі, өзектілігі, шешу жолдары қарастырылған.

Жобалау және зерттеу әрекетін ұйымдастырудың негізгі түрлері мен формалары, оқытудың белсенді әдістері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту, цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект: білім берудегі заманауи әдістер мен технологиялар модулдерінде функционалдық сауаттылықты дамыту және оны тексеру үдерісінде сыни ойлау, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану- ғылыми сауаттылық, қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту барысында тыңдаушыларға қолдау көрсету қарастырылған.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Қазақ тілі пәнін оқыту саласындағы пәндік және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, Қазақстан Республикасында орта білім берудің жаңартылған мазмұны контекстінде мектептегі «Қазақ тілі» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мақсатында құрылған курс бағдарламасы педагогтер үшін өте маңызды. Мұғалімдердің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын арттыру негізгі мақсатта көзделген. Метапәндік құзыреттердің мәні мен құрылымы және оның қазіргі білім берудегі рөлі мен білім алушылардың тұлғасын дамытудағы маңызы туралы педагогтердің білімі мен түсінігін кеңейту, AI технологиялар арқылы қазақ тілі пән мұғалімдерінің шығармашылық дағдыларын дамыту негізгі міндеттерде қамтылған.

Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздерінің мазмұны мен құрылымын түсіну деңгейін қамтамасыз ету, оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ тілін оқыту бойынша мұғалімнің тәжірибесін, пәндік

білімін кеңейту, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру, оқушылардың білік дағдыларын дамыту және тілдің грамматикасын оқыту және тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытудың әдіс-тәсілдері туралы пәндік білімдерін кеңейту, мәтін тудыру тапсырмаларын әзірлеу дағдылары мен біліктерін дамыту міндеттерін негізге алған.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде білім мазмұнының тұжырымдамалық және теориялық негіздерін көрсету және пән бойынша жоспарлау міндеті негізінде жасалған. «Қазақ тілі» пәні бойынша білім мазмұнын жаңартудың өзегін коммуникативті-функционалды грамматика шеңберінде айқындап, оқу бағдарламаларын өзектендіріп, функционалды сауаттылықтың методологиялық негізін көрсетеді. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді көрсете отырып, қазақ тілін коммуникативтік-функционалдық (семантикалық) аспектіде оқытудың маңызын түсіндіреді.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.

Бағдарламаның құрылымы бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Тыңдаушыларды оқыту барысында қазақ тіліндегі мектептерде қазақ тілі пәнінің мазмұнын ұйымдастыруды түсініп, оқытудың және критериалды бағалауды жүзеге асыру тәсілдері мен педагогикалық әдіснамаларын қарастырады.

Бағдарламаны меңгеруде қазақ тілі бойынша базалық білім мазмұнының теориялық негізін көрсетеді. Білім мазмұнын оқыту үдерісіне енгізуде коммуникативті-функционалдық аспектіні басшылыққа алып, өз тәжірибесінде қолданады. Функционалды сауаттылық пен оқу сауаттылығын байланыстыратын грамматикалық тапсырмалар құрастырады.

Тыңдаушылар оқу бағдарламасындағы күрделі оқыту мақсаттарын бағалаудағы педагогикалық тәсілдерді зерделеп, орта білім мазмұнына қатысты теориялық және практикалық мәселелерді қарастырады.

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру.

Бағдарламаның мазмұны модуль тақырыптары бойынша тыңдаушылардың пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бағалау мақсатында күрделі тақырыптар бойынша тәжірибелік жаттығулар орындау, оқу тапсырмаларын құрастыру, дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыстар жасалады.

Оқу процесі теорияға шолу жасау, практикалық жұмыс, тренинг, сынып шеберлігі, дөңгелек үстел басындағы пікірталас, сабақтың таныстырылымы, рөлдік ойындар, мәселені талдау, талқылау, ортақ шешімге келу және қашықтан оқыту режимінде тыңдаушылар өз бетінше оқу үшін вебинарлар, онлайн-форумдар, онлайн-кеңестер алынған. Курстың өту барысында қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасап, ықшамсабақ түрін өтеді. Білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, білім алушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында Google дискке жүктелген тапсырмалары мен өзіндік жұмыстарын қорғау өткізіледі.

Оқу процесі күндізгі оқу формасында және қашықтықтан оқыту формасы негізінде ұйымдастырылған. Курс ұзақтығы – 80 академиялық сағатты құрайды. Өзіндік жұмыстың тапсырмалары, әзірленетін тапсырма мен ықшамсабақтың тақырыптары оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнында берілгендігі өте тиімді.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Бағдарламада «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын, ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздерін дәйекті түрде меңгерту, бағдарламаның «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны бойынша 5 күрделі бөлімдер негізінде оқу тапсырмаларды құрастыру, мәтіндерді талдау жұмыстарын әзірлеу, практикалық жұмыстарды жүргізудің тиімді тәсілдерін ұсыну, орта мектептегі «Қазақ тілі» пәні бойынша бағаланатын оқу тапсырмаларын құру, сабақ жоспарларын жобалау дағдыларын жетілдіру міндеттері қойылған. Бағдарлама тақырыптарының жаңашыл типте құрылған. Жұмыстың мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері, оқу жоспары, курста оқу процесінің форматы, сағат саны, оқыту нысаны, құрылымы, мазмұны талапқа сәйкес. Бағдарламаны іске асырудағы дидактикалық көзқарас сипатталған және курста оқу бойынша оқыту нәтижелерін бағалау ерекшеліктері, курстан кейінгі қолдау көрсету форматы, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген.

8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау.

Бағалау процесінде объективті бағалау принциптері негізінде жүзеге асыру көзделген. Оқу нәтижелерін, 1-5 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелерін бағалау арнайы сұрақтарға жауап беру, мультимедиялық цифрлық оқулық әзірлеу арқылы жүзеге асырылады. Мақсаты – осы біліктілікті арттыру бағдарламасының тақырыптарын игеру қорытындысы бойынша цифрлық құралдарды меңгеру мен қолдануды бағалау ұсынылған.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау.

Курстан кейінгі кезеңдегі тренер мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас матрицасы негізінде (онлайн конференция, Zoom-мен кездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp желісінде кері байланыс орнату) жүзеге асырып, ресурстық қамтамасыз ету, педагогтің кәсіби өсу траекториясын қолдау жұмыстарын негізге алған.

Тыңдаушы ұйымдастырылған іс-шараларға қатысады және курс бағдарламасының мазмұнын өз тәжірибесіне енгізеді. Тренер Тыңдаушылардың қажеттіліктерін ескере отырып курстан кейінгі қолдау бағдарламасына түзетулер енгізеді.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін арттырудың басымдықтары» тақырыбындағы қазақ тілі пәні бойынша 80 сағаттық біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасының негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі бағдарлама тақырыбына сәйкес келеді.

Сараптамалық қорытынды:

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін арттырудың басымдықтары» тақырыбындағы қазақ тілі пәні бойынша 80 сағаттық біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасында білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу, білім беру процесін жоспарлау және білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне тарту стратегияларын тиімді қолдануды ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектісін ашатын тақырыптар жүйеленген.

Бағдарлама бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытушылардың көпдеңгейлі тапсырмалар әзірлеуіне ықпал етеді. Қазақ тілін оқытуда әдіснамалық негіздердің мазмұны мен құрылымын біледі және түсінеді.

Негіздеме: «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «27» тамыз 2022 жылғы № 384 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес жасалған. «Мектеп грамматикасын оқытудың инновациялық әдістері» атты қазақ тілі пәні бойынша 80 сағаттық біліктілік арттыру курсының бағдарламасы келісілді.

Сараптама кеңес отырысының №55 хаттамасы, 30.12.2024 жыл

Сарапшы

